

Әр адамның жүрегінде орны бір төбе болып биік тұратын бір қасиетті де қастерлі ұғым болады – ол туған жер. «Туған жер – алтын бесігім» деген бекер айтылмаған. Бұл ұғымның астарында адамның түп тамыры, өткен өмірі, балалық естелігі, әсем табиғаты, жасыл желек жусаны мен туған жерінің тарихы жатыр. Адам баласы қайда жүрсе де, ол үшін орны бөлек жүрек жылытар, ми тынықтырар кіндік қаны тамған туған мекені оның өміріндегі ең қымбат құндылықтардың бірі болып қала береді.

Мен үшін туған жер – тек туып өскен өлке не болмаса жәй бір туған жеріңнің атауы емес ол менің алтын бесігім дер едім. Оған дәлел біріншіден, бұл жерде менің туып өскен кіндік қаным тамып, балалығым мен шалалығым қатар жүріп, бәлдәурен шағымның аспаны осы қасиетті де қастерлі мекен қойнауында ыстық естелік болып жаңғырады. Қандай әлемге әйгілі елді мекенде саяхаттап не болмаса өзге елде өмір сүріп жүрсеңде туған жерге жетері барма? Бәрібір өзіне тартып тұрар тылсым күшке ие қасиетті мекен ғой, шіркін! Осындайда "туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас" деген халық даналығындағы терең мағынаға ие нақыл сөз ойға оралады. Екіншіден, туған жерімнің топырағы мен көркем көрінісі жүрекке жылу берсе дамылсыз тіршіліктің демі мен самал желдің ыстық лебі тіршілікке тыныс ал жанға рахат пен тыныштық сыйлайды. Ал үшіншіден, туған жер бір сөзбен шабыт дер едім. Өйткені болашаққа жетелейтін әрекетке шабыт беруші де осы туған ел мен жер. Өскен ортаның жылулығы бөлекқой. Онымен қоса өткеннің еншісінде қалған ыстық естеліктер, балалық арман да болашаққа деген дем беруші, алға ұмтылдырушы күш іспетті. Оның мәні" мен өскенде менің туған жерім әлеиге әйгілі болады, мен оны істеймін "деген бала арманды орындау мен туған жердің дамуына үлес қосуға тырысуында жатыр.

Қорытындылай келе, туған жер мен үшін жәй ғана атау емес ол өмір, ол дем. Бұл қастерлі мекенде адамның өмірінің бастауы мен рухани құндылықтары өз арнасында толысады. Ол — есейген шағымызда да жүректен өшпейтін ең қымбат байлығымыз. Жыраққа кетсек сарғая сағындыратын құтты өлке. Ал алдымызда біз үшін маңызды қадам тұрғандай. Ол қадам туған жерді дамыту және оның абыройын көтеру. Менің ұсынысым – әрбір жас өз ауылына, қаласына кішкентай болса да пайдасын тигізетін нақты әрекет жасауы қажет. Оған қарапайым болса да маңызды қадамдар солардың бірі табиғатты таза ұстау, қоғамдық жұмыстарға атсалысу мен білім алып, болашақта туған жерінің өркендеуіне үлес қосу, жаңа сенсация ашуды ұсынар едім. Өйткені туған жерді сүйіп, оған қызмет ету — әр азаматтың парызы.